

«МӨЭК» АҚ электр қондырғыларының жанында болған кезде сақ болуға шақырады

«Маңғыстау өңірлік электр тораптық компаниясы» АҚ энергетиктері өңір тұрғындарынан электр берудің әуе желілеріне, трансформаторлық қосалқы станцияларға және басқа да электр жабдықтарына жақын болған кезде өмірлік маңызды қауіпсіздік шараларын сақтауды сұрайды. Өздеріңіз білетіндей, электр қауіпсіздігі ережелерін елемей ауыр жарақаттарға, соның ішінде өмірге сәйкес келмейтін жарақаттарға әкелуі мүмкін. Өз кезегінде «МӨЭК» АҚ энергетиктері компания объектілері бөгде адамдардың кіруінен тиісті түрде қорғалуы және ескерту белгілерімен жабдықталуы үшін бәрін жасайды.

«МӨЭК» АҚ мамандары халыққа электр қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау, сондай-ақ осы білгеніңізді өз балаларыңызға жеткізу қажеттігін еске салады.

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- кез-келген құрылыстарды жүргізу, отын, шөп жинау, әуе электр желілерінің астында от жағу;
- әуе электр желілерінің астында батпырауықтарды ұшыру;
- электр қосалқы станцияларының, трансформаторлық пункттердің маңында және аумағында, электр беру әуе-желілерінің астында ойнау;
- әуе желілерінің тіректеріне көтерілу, оқшаулағыштарды сындыру, сымдарға қандай да бір заттарды немесе сымдарды лақтыру;
- селфи (суретке түсіру) үшін энергия

- объектілерін пайдалану;
- үзілген сымдарға 8 метр қашықтыққа жақындау;
- қосалқы станциялардың, трансформаторлық пункттердің, тарату құрылғыларының үй-жайларына кіру;
- егер ағаштардың жанында әуе желісі болса, ағаштарға көтерілу;
- электр қосалқы станцияларының аумағына түскен заттарды алуға;
- әуе желілерінің салбыраған сымдарына жақындауға;
- электр аспаптары мен үй электр сымдарын өз бетінше жөндеуге;
- тұрмыстық желілерді шамадан тыс жүктеуге – бұл қысқа тұйықталу мен өртке әкеледі;
- электр құрылғыларына ылғал қолыңызбен тигізуге;
- жалаңаш электр сымдарына қол

тигізуге;

- сақтандырыштар ретінде калибрленбеген балқымалы өндіріселерді (қоңыздар) пайдалануға;
- жоғары номиналды тогы бар автоматты ажыратқыштарды қолдануға.

- электр тогының өзіндік ерекшелігі – оның жасырын қауіпі: электр қуатын көруге, естуге немесе иіскеуге болмайды. Соңдықтан энергия объектілеріне жақындау, қоршаулар мен ескерту белгілеріне қарамастан, көп жағдайда адамдарды алаңдатпайды. Электр қауіпсіздігі ережелерін елемей, Сіз өзіңізді өлімге душар етесіз және аймақтың энергия мен жабдықтау сенімділігіне қауіп төндіресіз! Есіңізде болсын, қауіпсіз электр тогы жоқ. Маңғыстау облысының тұрғындарынан электр жабдықтары мен әуе желілерінің тіректеріндегі «Абайлаңыз! Жоғары кернеу!» – сары үшбұрыш найзағай немесе белгі «ЖОҒАРЫ ШЫҚПА! ӨМІРІҢЕ ҚАУІПТІ» ескерту белгілеріне ерекше назар аударуды сұраймыз, – деді «МӨЭК» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің бастығы Шабай Нұрымов.

Зақымдалған электр беру желілері немесе ашық энергия объектілері анықталған кезде «Қауыртжелі» телефондары бойынша хабарлау керек: 8 (777) 057 00 05 және 8 (7292) 200-278.

Электр желісі компаниясының мамандары тиісті сигнал алған кезде осы ақуларды жою жөнінде дереу шаралар қабылдайтын болады.

№145

«МӨЭК» АҚ ЭНЕРГЕТИКТЕРІ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНДА ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ ЕСКЕ САЛАДЫ

«Маңғыстау өңірлік электр тораптық компаниясы» АҚ кәсіпорындар, ұйымдар басшыларына және жеке тұлғаларға күзет аймағында жұмыс жүргізер алдында әуе электр беру желілері иесінен жазбаша келісім алу қажеттігі туралы ескертумен жүгінеді.

«МӨЭК» АҚ-ның басты міндеті өнеркәсіптік өндіріс, кеңсе орталықтары немесе тұрғын үйлермен қатар, барлық тұтынушыларды үздіксіз және сапалы электрмен жабдықтау болып табылады.

Сондықтан электр желісі ұйымының қызметін де құрылыс-монтаждау және басқада жұмыс түрлерін жүргізу кезінде жоғары жиілікті әуе және кабельдік электр беру желілерінің үзілуімен зақымдану жағдайларының алдын алу үлкен маңызға ие. Өйткені әуе желілері сымдарының үзілуі немесе кабельдің механикалық зақымдануы тұтынушылардың, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар объектілердің жаппай ажыратылуына, сондай-ақ энергия жүйесінің сенімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Электр беру желілерінде қорғау аймағы деген ұғым бар. Бұл сызықтың екі жағында орналасқан тік жазықтықтармен шектелген әуе желілері бойындағы жер учаскесі және әуе кеңістігі.

«МӨЭК» АҚ кернеуі 1 кВ-қа дейінгі жалаң сымды әуе желілері үшін күзет аймағы 2 метр, кернеуі 1 кВ-қа дейінгі өздігінен оқшауланған сымдар үшін 1 метр, кернеуі 20 кВ дейінгі – 10 метрден кем емес, 35 кВ – 15 метрден кем емес, 110 кВ – 20 метрден кем емес және 220 кВ – 25 метрден кем емес белгіленген мөлшерде.

Желілік ұйымды келісу туралы жазбаша шешіміз күзет аймақтары шегінде заңды және жеке тұлғаларға электр желілік шаруашылық объектілерінің қауіпсіз жұмысын бұзуы, оның ішінде олардың бүлінуіне немесе жойылуына әкеп соғуы немесе азаматтардың өміріне, денсаулығына және жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін кез келген әрекеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

Электр беру желілерінің күзет аймақтарында жұмыстарды жүргізудің ерекше шарттары «Электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу ережелерінде» «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылдың 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының 5-бабының 30-1 тармақшасына сәйкес айқындалған. Ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы, жобаланатын, салынатын және жаңғыртылатын барлық электр желілеріне қолданылады.

– Электр желілерінің жұмысын бұзатын, оларды зақымдауы немесе жарақаттауы мүмкін заңсыз әрекеттерді жасамаңыз. Энергия объектілері маңындағы тәртіп ережелерін елемей, өзіңізге қауіп төндіресіз, сондай-ақ тұтынушылардың үздіксіз электрмен жабдықтауына қауіп төндіресіз, – деп атап өтті «МӨЭК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің бастығы Шабай Нұрымов.

«МӨЭК» АҚ қызметкерлері Маңғыстау облысының тұрғындарын қауіпсіздік ережелері мен нормаларына сақтық таныту мен сақталуы туралы ескертеді.

№146

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ-нің 28.03.2025 ж. № 47-04-10/116 хатына сәйкес тауарлық газды сату бағасына өзгерістер енгізілгенін хабарлайды.

2025 жылғы 1 сәуірден бастап Маңғыстау облысының тұтынушылары үшін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып, тауарлық газды өткізу бағалары ҚҚС-сыз төмендегідей бекітілді:

Топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	14 395,70
2-топ	Халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	теңге/1000 м³	9 531,28
3-топ	Заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	теңге/1000 м³	30 950,68
4-топ	Электр энергиясын өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	теңге/1000 м³	27 232,66
5-топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX тобына кірмейтін басқа тұтынушылар	теңге/1000 м³	30 950,68
6-топ	Бюджеттік ұйымдар	теңге/1000 м³	30 950,68
8-топ	Сұйытылған және сығылған газ өндіру үшін және тұтынушыларға одан әрі сату мақсатында тауарлық газды сатып алатын заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	27 317,74
9-топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	9 926,56
10-топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	теңге/1000 м³	26 288,74
11-топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғалар	теңге/1000 м³	36 288,74

№148

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жобаның атауы: «Өзен-Атырау-Самара» ММК. Ø1020 мм. Жалпы ұзындығы 76,5 км. 190–230 км, 244–267 км, 409–422,5 км учаскелеріндегі құбырды ауыстыру. Түзету.

Өсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы. Өсер ету аумағының координаттары +45.321379, +55.186223. Учаскенің координаттары 244-267 км: N 44°50'11,19" с. ш., E 54°33'30,42" в.д., бастапқы нүкте. N 44°57'14,54" с.ш., E 54°48'26,41" в.д., Аяқталу нүктесі. Учасок 409-422,5 км: N 46°07'04,60" с.ш., E 54°32'55,71" в.д., бастапқы нүкте. N 45°55'29,55" с.ш., E 54°41'39,10" в.д. Аяқталу нүктесі.

Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылының мәдениет үйінде өтеді.

Қоғамдық тыңдаулардың уақыты: 10 сағ 30 мин, 13 мамыр 2025 жыл.

Онлайн қосылуға сілтеме: Zoom конференциясы қосылады <https://us04web.zoom.us/j/77337164106?pwd=kABIEoiTamLWbH6MDZE2Cl6aqrffjg.1>

Конференция идентификаторы: 773 3716 4106

Қолжетімділік коды: fD3f3Y

Аталған істің бастамашысы: «ҚазТрансОйл» АҚ ММКБ, БИН: 970540000107, байланысы: 8 (7292) 479-280

Өңдеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, Ақтау қ. СЖБ, БИН 000941000473

өкілі: Гульчат Канатбаева, байланысы: тел. 8 (7292) 479-369, **эл.пошта:** Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz

Жобалық құжаттама ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>. Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> өткізілетін күнге дейін **3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін** мерзімде жолданады ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> сондай-ақ ЖАО: « Маңғыстау обл. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтау қ. 14-ша, 1-ғимарат, mangystautabigat@gmail.com.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына мекен-жай бойынша: Ақтау қ., 8-ша, 38 «б» ғимарат және мына 8(7292) 479-280, 479-345, 479-369 телефондар бойынша алуға болады.

Электрондық пошта: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы mangystautabigat@gmail.com.

№146

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жобаның атауы: «Өзен-Атырау-Самара» ММК. Ø1020 мм. Жалпы ұзындығы 76,5 км. 190–230 км, 244–267 км, 409–422,5 км учаскелеріндегі құбырды ауыстыру. Түзету.

Өсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылы. Жұмыс жүргізілетін учаскенің географиялық координаттары: +44.330075, +53.540771. Өсер ету аумағының географиялық координаттары: Жобаланған учаскелердің координаттары (WGS-84 жүйесінде): 190–230 км учаскесі: Бастапқы нүкте: N 44°34'14,49" с. е., E 53°59'06,61" ш. б. Аяқталу нүктесі: N 44°46'18,57" с. е., E 54°24'33,97" ш. б.

Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылының мәдениет үйі.

Қоғамдық тыңдаулардың уақыты: 15 сағ 00 мин, 12 мамыр 2025 жыл. <https://us04web.zoom.us/j/75948798420?pwd=QWlrcnJXgxnwMIR6y2ozrujYkXUOY.1>

Конференция идентификаторы: 759 4879 8420

Қолжетімділік коды: VxUDf2

Аталған істің бастамашысы: «ҚазТрансОйл» АҚ ММКБ, БИН: 970540000107, Байланысы: 8 (7292) 479-280

Өңдеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, Ақтау қ. СЖБ, БИН: 000941000473,

өкілі: Гульчат Канатбаева, байланысы: тел.8 (7292) 479-369, **эл.пошта:** Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz

Жобалық құжаттама ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>. Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> өткізілетін күнге дейін **3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін** мерзімде жолданады ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> сондай-ақ ЖАО: « Маңғыстау обл. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтау қ. 14-ша, 1-ғимарат, mangystautabigat@gmail.com.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына мекен-жай бойынша: Ақтау қ., 8-ша, 38 «б» ғимарат және мына 8(7292) 479-280, 479-345, 479-369 телефондар бойынша алуға болады.

Электрондық пошта: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы mangystautabigat@gmail.com.

№146

14.03.2007 ж. Б.Ж.Айтжанов атына берілген №04-6784 жер учаскесін сыйға тарту шартын жоғалтып алуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№147

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ 11.04.2025 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, «Жетібай» МАС мекен-жайы бойынша орналасқан «Жетібай» МАС. Асханасы бар тұрмыстық-қызметтік корпус салу» жобасы бойынша жария тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, Ақтау қаласы, 8-шағын аудан, 38 «б» ғимараты, электрондық мекен-жай Anisimov@kaztransoil.kz, тел. 8(7292)479317.

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗӨО» Филиалы, Ақтау қ., 22-шағын аудан, 10-үй, электрондық мекен-жайы: Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz, тел. 8 (7292) 47 93 45, 47 93 69.

№151

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өзенмұнайгаз» АҚ <https://ndbecology.gov.kz/> 11.04.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде жұмыс жобалары мен ҚОҚ бөлімдері бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

- «ӨМГ АҚ-ның Өзен кен орнында мұнай өндіру объектілерінің мұнай құбырлары мен су құбырларын реконструкциялау 2024 ж.»;
- «№2 СКҚБ ойпатындағы гаражға арналған «сэндвич» панельдерден жасалған қаңқалы ангар». Түзету;
- «Өзенмұнайгаз» АҚ-дағы №1 СКҚБ-ға көтеріш агрегаттарды жөндеуге арналған ангар салу»

Құжаттар <https://ndbecology.gov.kz/> порталына жарияланды. Тел.: (7292) 470290 (3311).

№149

20.09.2017 ж. А.У.Айтуарованың атына берілген №432 келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№150